

1933



Берлин



# Бүгінгі сабақтың тақырыбы:

## § 25. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Дүние жүзі  
тарихын  
аламыз



"Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге"

*Абай Құнанбаев*

**КІТАП ОҚЫҢЫЗ!**

**Дүние жүзі тарихынан  
25 параграфты мұқият оқып шық.**

**Қосымша сабаққа сілтеме:**

<https://www.youtube.com/watch?v=iZ4twyATkac>



Агрессор мемлекеттердің блогының құрылуы. 1930 жылдардың ортасынан бастап еуропалық құрлықта қақтығыстар мүмкіндігі шарықтай бастады. Барлық Версаль-Вашингтон жүйесіне қауіп төнді. Германия, Италия мен Жапония соғыстан кейінгі реттеудің шарттарын бұза бастады. Бұл мемлекеттер күш басымдығына негізделген «жаңа тәртіпті» құрғысы келді. «Жаңа тәртіп» бойынша әлем осы үш мемлекет арасында бөлінуі тиіс болды.

Жапония, Италия мен Германияның ортақ мүдделері олардың тез жақындасуына әкелді. Үш мемлекет қарулану жарысы мен әлемді күшпен қайта құрудың бастамашысы болды. 1936 жылы қазанда Италия-германдық серіктестік хаттамасына қол қойылды. Тарихта ол «Берлин – Рим осі» деген атпен қалды.

Бұл пактіге 1937 жылы Италия қосылып, Берлин – Рим – Токио үш бұрышы пайда болды. Осылайша осы келісімдердің негізінде үш агрессор мемлекеттер блогы құрылды. Кейінірек Антикоминтерн пактісіне билік басына германдық нацизм мен итальяндық фашизм идеологиясын қолдайтын үкіметтер қосылды.

Батыс державаларының «Тыныштандыру саясаты» және Австрияның қосылуы. Үш агрессор мемлекеттің жақындасуы жүріп жатқан уақытта диктаторларды тоқтатуға қабілетті ұжымдық қауіпсіздік жүйесі құрылған жоқ. Керісінше ағылшын-француз лагерінде өздерінің құрлықтағы позицияларын сақтауға қажетті бірлігі байқалмады. Батыс елдерінің қайшылықтары мен қақтығыстарына олардың Кеңес Одағымен қайшылықтары қосылды. Бұдан бөлек, Англия мен Франция А.Гитлердің жоспарының қаупін жете бағаламады, ал АҚШ еуропалық істерге мүлдем араласпады.

Бұл жағдайларды Англия мен Франция өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «тыныштандыру саясатын» мойындады. Ол Версаль жүйесін ішінара жаңғырту арқылы үлкен соғысты болдырмау мақсатын көздейтін.

1937 жылы Германия Австрияны қосып алуға дайындықты бастады. Ол үшін қолайлы жағдай туды, себебі Батыс державалары Австрияны қосып алуын басқыншылық ретінде емес, Германияның «тыныштану» жолындағы қадамы ретінде қарастырды.

1938 жылы ақпанда Австрия канцлері Шушниг мемлекетті Германияның бақылауына беретін ультиматумға қол қоюға мәжбүр болды. Сонымен қатар Шушниг австриялық әскерге неміс әскері мемлекет аумағына кірген жағдайда шайқаспауға бұйрық берді. Наурыздың 11-інен 12-іне қараған түні герман әскері Австрия аумағына еніп, Австрия армиясы тізе бүкті. 1938 жылы 13 наурызда Гитлер Венаға салтанатты түрде кірді және сол күні «Австрияның Герман Рейхімен қосылуы туралы» Заң жарияланды. Осылайша Австрия аншлюсі жүзеге асырылды.

**Есте сақтаңдар!**

**Аншлюс** (нем. anschluss – қосылу, одақ) – Австрияның Германия құрамына қосылуы.





29 сентября 1938 года в г. Мюнхене собрались лидеры Германии (Гитлер), Италии (Муссолини), Франции (Даладье), Англии (Чемберлен)

- 1938 ж. Германия Австрияны, Мюнхен келісіміне (1938 ж. 29 қыркүйекте Мюнхен қаласында Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия үкімет басшылары кездесіп, Чехословакияның Судет облысын немістерге беру, Германия көршілерінен баска жер талап етпеуге келісім жасасты) сәйкес Чехословакияның Судет облысын, 1939 ж. наурызда Чехословакияны, Литваның Мемель облысын, сәуір айында Италия Албанияны басып алды.



Чехословакия аумағын жаулап алу Германияны румын шегарасына жақындатты. Гитлер Румыниядан экономикалық келісімге дереу қол қоюын талап етті. 1939 жылы 23 наурызда Бухарестте герман-румын келісіміне қол қойылды. Румыния өз экономикасын Германия қажеттіліктеріне сай дамытуға міндеттелді.



## Молотов-Риббентроп келісімі

**Молотов-Риббентроп пактісі.** Кеңестік басшылық Англия мен Францияның КСРО-мен келісімге қол қоймайтынына көзі жеткен соң, алдағы уақытқа Германиямен пакт қабылдауды шешті. 1939 жылы 23 тамызда КСРО мен Германияның сыртқы істер министрлері шабуыл жасаспау туралы кеңес-герман пактісіне қол қойды. Ол тарихқа Молотов-Риббентроп пактісі атауымен енді. Келісім тараптары бір-біріне шабуылдан бас тартып, қатысушы мемлекеттің үшінші елмен әскери қақтығысқа түскен жағдайда бейтараптық сақтауға міндеттелді.



# Тапсырмалар

№1 тапсырма. Тірек сөзге анықтама бер.

- Аншлюс –

№2 тапсырма. Өздік жұмыс

- 1938 жылы 11-12 наурыз –
- 1939 жылы 23 наурыз –
- 1939 жылы сәуір-
- 1939 жылы 23 тамыз –